



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!



Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 “Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы” Жарлығын іске асыру аясында Созақ ауданының әкімі Тұрысбеков Мұхит Сексенбайлының Қаратау ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2023 жылғы 23 ақпан сағат 11.00-де Қаратау ауылдық мәдениет үйінде өтеді.

Азаматтарды жеке қабылдау 2023 жылғы 23 ақпан сағат 12.30-да Қаратау ауылдық мәдениет үйінде өтеді.

Қарақұр ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2023 жылғы 23 ақпан сағат 15.00-де Қарақұр атындағы жалпы орта мектебінде өтеді.

Азаматтарды жеке қабылдау 2023 жылғы 23 ақпан сағат 16.30-да Қарақұр атындағы жалпы орта мектебінде өтеді.

Созақ ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2023 жылғы 24 ақпан сағат 11.00-де Созақ ауылдық мәдениет үйінде өтеді.

Азаматтарды жеке қабылдау 2023 жылғы 24 ақпан сағат 12.30-да Созақ ауылдық мәдениет үйінде өтеді.

Сызған ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2023 жылғы 24 ақпан сағат 15.00-де Ф.Мұратбаев атындағы жалпы орта мектебінде өтеді.

Азаматтарды жеке қабылдау 2023 жылғы 27 қаңтар сағат 16.30-да Ф.Мұратбаев атындағы жалпы орта мектебінде өтеді деп жоспарлануда.

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек технологиялық серпіліске кедергі келтіретін негізгі мәселелерді атады.

Бұл ретте Саясат Нұрбек ведомствоның отандық ғылымды дамыту аясында алға қойған бірқатар жаңа міндеттеріне тоқталып, ғылыми әзірлемелер бюджетке қанша табыс әкелетінін де тілге тиек етті.

«Жобаларды ілгерілету мақсатында В2G–В2В – В2С өзара іс-қимылының үштік спиралы белгіленді. Министрлік ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру



Ғылыми әзірлемелер Қазақстан бюджетіне 6 млрд теңге табыс әкелді

есебінен технологиялық серпіліске кедергі келтіретін негізгі мәселелерді анықтады. Олар–ғалымдардың бизнес-құзыреттерінің болмауы, ғылым мен кәсіпкерліктің әлсіз байланысы, жеке қаржыландыруды іздеу тетіктері, өндіріске отандық инновацияларды енгізудің төмен деңгейі», деді Саясат Нұрбек.

Министрдің айтуынша қазіргі уақытта өңірлерде өтінділердің азаю үрдісін байқауға болады.

Ол сондай-ақ Қазақстан

ғалымдарының табысын арттыру мақсатында ғылыми-техникалық жеделдету тәжірибемдәмәсі әзірленгенін қоса айтты. Бұдан өзге қазақстандық ғылыми әзірлемелер бюджетке 6 млрд теңге табыс әкелгенін де атап өту керек.

«Халық табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасының 5-тарауы, 22-тармағын орындау мақсатында ғылыми-техникалық жеделдету тәжірибемдәмәсі әзірленіп, 2023-2025 жылдарға 1,5 млрд теңгеге бюджеттік өтінім пысықталды.

Ғылым қорын осы бизнесті жеделдету бағдарламасының операторы етіп тағайындау дұрыс болар еді деп ойлаймыз. МАК хаттамалық тапсырмасын орындау шеңберінде 5 жол картасы әзірленді. Ауыл шаруашылығы министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі мен Энергетика министрлігі өнеркәсіпке коммерцияландыру жобаларының нәтижелерін енгізу бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр», деп түйіндеді министр.



Қазақстанда жаңа мереке пайда болады

Елімізде 15 сәуір күні Мемлекеттік қызметкерлер күні аталып өтеді.

Үкіметтің тиісті қаулысы Ашық НҚА порталында орналастырылған.

Түсіндірме хатта қаулы жобасын іске асыру қаржылық шығындарды қажет етпейтіні айтылған.

«Бүгінгі күні мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби мерекесін тойлауға мүмкіндік жоқ, оның тізімге енгізілуі өзін кәсіби қоғамдастықтың бір саласына жататынын

сезінуге мүмкіндік береді, сонымен қатар корпоративтік мәдениеттің одан әрі дамуына ықпал етеді», делінген хабарламада.

Халыққа қызмет көрсету саласы қызметкерлерінің еңбек ұжымы Астана, Алматы, Шымкент және түрлі облыстарда жұмыс істейді. Қазақстандағы мұндай қызметкерлердің саны 20 мыңнан асады.

«Созақ үні»-ақпарат.

Биыл үш визит-орталықтың құрылысы аяқталады

Мәдениет және спорт министрлігі биыл тағы үш визит-орталықтың құрылысын аяқтауды жоспарлап отыр. Бұл туралы министрліктің әлеуметтік желідегі парақшасында шығатын «Тікелей эфир» айдарында Тарихи-мәдени мұра басқармасының басшысы Жанат Сейдалиева мәлімдеді.

«2023 жылы үш визит-орталықтың құрылысын аяқтау жоспарланып отыр. Ол «Сауран», «Гаухар-ана» және «Ордабасы» туристік оралықтары. Аталған тарихи визит-орталықтардың үшеуі де еліміздің рухани астанасы - Түркістан облысында орналасқан», деді Жанат Сейдалиева.

«Сауран» қалашығы Түркістан қаласынан 40 шақырым жерде. Мұнда келушілер мен туристерге қызмет көрсету үшін заманға сай инфрақұрылым жасалады. Ал, «Гаухар-ана» кесенесі - Орта Азия аумағындағы әйелдер құлшылық жасауға арналған орын.

Визит-орталықта қонақтарға жайлы жағдай жасау үшін түнеуге арналған орындар қарастырылған. «Ордабасы» аумағында да визит-орталықтың құрылысы белсенді жүріп жатыр.

«Визит-орталықтар бірінші кезекте ғылыми, мәдени, ақпараттық кешендер ретінде пайдаланылады. Мұнда туристер үшін барлық қолайлы жағдай жасалады. Бұдан бөлек жергілікті жердің мәдени-туристік кластерін дамытуға, өңірдің брендке айналған тарихи-мәдени және табиғи ресурстарды пайдалана отырып, имидждік, туристік өнімдерді жасауға үлкен мүмкіндік», деді Тарихи-мәдени мұра басқармасының басшысы Жанат Сейдалиева.

Бүгінгі таңда Қазақстанда үш визит-орталық толық қарқында жұмыс істеп жатыр. Ол Алматы облысындағы «Таңбалы», Ұлытау облысындағы «Ұлытау» және Түркістан облысындағы «Отырар» орталықтары.



Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі жобаға 68,2 мыңнан астам адам қатысты

Биылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 2021–2025 жылдарға арналған Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаға 68,2 мың адам қатысып, 55,9 мың адам жұмысқа орналасқан. Оның 17,3 мыңы тұрақты жұмыс тапқан.

Субсидияланатын жұмыс орындарына 38,7 мың адам орналастырылған. Оның ішінде әлеуметтік жұмыс орындарымен 2,4 мың, жастар практикасымен 1,3 мың, қоғамдық жұмыстармен 33,4 мың адам, «Алғашқы жұмыс орны» жобасы аясында 365 адам, «Ұрпақтар келісім-шарты» жобасы аясында 17 адам, «Күміс жас» жобасы аясында 670 адам жұмыспен қамтылған.

Еңбек нарығында сақранысқа ие дағдылар бойынша онлайн оқытумен 2 мың жұмыссыз қамтылып, оның ішінде 1,7 мыңы оқуды аяқтаған.

Сондай-ақ «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқыту 10,3 мың адамды қамтыды, оның ішінде 7 мың адам сертификат алған.

Сонымен қатар қызмет саласын таңдау мақсатында 10,4 мың адам әлеуметтік кәсіптік бағдарлаудан өткен.

2023 жылдың 19 наурызына тағайындалған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің және мәслихаттарының депутатына кандидаттардың үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары

қ/с	Белгіленген орындар
1	Шолақорған ауылдық округі, Абай елді мекенінің орталығындағы тақта
2	Шолақорған ауылдық округі, Балдысу елді мекенінің орталығындағы тақта
3	Шолақорған ауылдық округі, Қарабұлақ елді мекенінің орталығындағы тақта
4	Шолақорған ауылдық округі, Жеткіншек елді мекенінің орталығындағы тақта
5	Шолақорған ауылдық округі, Шолақорған елді мекені, Жібек жолы-2 көшесінің аяқталған төменгі жағындағы тақта
6	Шолақорған ауылдық округі, Шолақорған елді мекені, Ә.Молдағұлова көшесі мен Теріскей көшесінің қиылысындағы тақта
7	Шолақорған ауылдық округі, Шолақорған елді мекені, Жібек жолы көшесі, №5 ғимарат, Созақ аудан әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің “Мыңжылқы мәдениет сарайы” мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның хабарлама орнататын тақтасы
8	Шолақорған ауылдық округі, Шолақорған елді мекені, Жібек жолы көшесі, №30 А ғимарат, “Ертістік бөбекжай-балабақшасы” мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны ғимараты жанындағы тақта
9	Шолақорған ауылдық округі, Шолақорған елді мекені, Абылайхан көшесі, №22 ғимарат, “Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жанындағы тақта
10	Шолақорған ауылдық округі, Шолақорған елді мекені, Қазыбек би көшесі мен М.Мәметова көшесі қиылысындағы тақта
11	Шолақорған ауылдық округі, Шолақорған елді мекені, С.Қожанов көшесі №1 А ғимарат, “Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жанындағы тақта
12	Шолақорған ауылдық округі, Шолақорған елді мекені, С.Қожанов көшесі №98 ғимарат, “Н.Төреқұлов атындағы ІТ мектеп-лицейі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты жанындағы тақта
13	Жартытөбе ауылдық округі, Жартытөбе елді мекені, Ж.Мықтыбайұлы көшесіндегі тақта
14	Жартытөбе ауылдық округі, Жартытөбе елді мекенінен Аққолтық елді мекеніне шыға берістегі тақта
15	Жартытөбе ауылдық округі, Аққолтық елді мекені Қ.Арқабаев көшесі, аялдама жанындағы тақта
16	Жартытөбе ауылдық округі, Бабата елді мекені, А.Сайлаубекұлы көшесі, мектеп жанындағы тақта
17	Құмкент ауылдық округі, Құмкент елді мекені, Жылыбұлақ көшесіндегі тақта
18	Құмкент ауылдық округі, Қызылкөл елді мекені орталығындағы тақта
19	Құмкент ауылдық округі, Құмкент елді мекені, Қызылқанат көшесіндегі тақта
20	Сызған ауылдық округі, Қозмолдақ елді мекені, Қ.Тохмұхамедов көшесіндегі тақта
21	Сызған ауылдық округі, Сызған елді мекені, Е.Алдасүгірұлы көшесіндегі тақта
22	Сызған ауылдық округі, Қайнар елді мекені, Ж.Әділбеков көшесіндегі тақта
23	Созақ ауылдық округі, Созақ елді мекені, С.Мәтенбаев көшесіндегі тақта
24	Созақ ауылдық округі, Созақ елді мекені, Х.Тоқмұхамедов көшесіндегі тақта
25	Созақ ауылдық округі, Көктөбе елді мекенінің орталығындағы тақта
26	Созақ ауылдық округі, Ыбырай елді мекенінің орталығындағы тақта
27	Созақ ауылдық округі, Созақ елді мекені, М.Әуезов көшесіндегі тақта
28	Қарақұр ауылдық округі, Қарақұр елді мекенінің орталығындағы тақта
29	Қарақұр ауылдық округі, Раң елді мекенінің орталығындағы тақта
30	Қарақұр ауылдық округі, Шаға елді мекенінің орталығындағы тақта
31	Қаратау ауылдық округі, Бақырлы елді мекенінің орталығы
32	Қаратау ауылдық округі, Ақсұмбе елді мекенінің орталығы
33	Қаратау ауылдық округі, Саржаз елді мекенінің орталығы
34	Жуантөбе ауылдық округі, Жуантөбе елді мекенінің орталығындағы тақта
35	Жуантөбе ауылдық округі, Қоңыратарық елді мекенінің орталығындағы тақта
36	Тасты ауылдық округі, Тасты елді мекенінің орталығындағы тақта
37	Тасты ауылдық округі, Қылты елді мекенінің орталығындағы тақта
38	Шу ауылдық округі, Шу елді мекенінің орталығындағы тақта
39	Қыземшек кенті, Қыземшек кентінің орталығындағы тақта
40	Қыземшек кенті, Тайқоңыр елді мекенінің орталығындағы тақта
41	Таукент кенті, Таукент кентінің орталығындағы тақта
42	Таукент кенті, І.Кеңесбаев көшесі, 35 ғимарат
43	Таукент кенті “Болашақ” бала бақшасы” мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны ғимараты жанындағы тақта



АУҒАН СОҒЫСЫ АРДАГЕРЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Сәрсенбі күні аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Кеңес әскерінің Ауғанстан аумағынан шығарылған күніне орай ардагерлермен кездесіп, мерекелерімен құттықтап, аудан әкімінің алғыс хаты мен сый-сияпатын табыс етті.

–Тәуелсіздігіміздің әр жылы – ғасырға бергісіз тарихи кезеңдер. Еліміз тәуелсіздік алғанға дейін де біраз қиындықтарды бастан кешірді. Сондай тарих беттеріне естен кетпестей із салған тарихи оқиғаның бірі – Кеңес Одағы тұсында қазақ жігіттерінің Ауған соғысына

қатысып, өздерінің Отан алдындағы азаматтық парызын өтеуі еді. Ел амандығы мен келешектің бейбіт өмір сүруі үшін от пен оқтың ортасында жүріп, қиян-кескі ұрыстарды бастан өткердіңіздер. Көрсеткен ерліктеріңіз ешқашан ұмытылмайды. Алдағы уақытта да осылайша атап өтіп, ерліктеріңізді жас ұрпаққа үлгі ете беретін боламыз, – деді аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы.

Сонымен қатар, Қорғаныс істері жөніндегі бөлім басшысы, подполковник Ерлан Манапов құттықтау сөз

сөйледі.

Ауғанстан соғысы ардагерлерінің «Ерлікке тағзым» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Бегалы Омарбеков өткен жолғы кездесуде айтылған ұсыныс-пікірлерінің орындалғанын айтып, аудан әкімдігі тарапынан жүргізіліп жатқан қолдауларға ризашылығын білдірді.

Қазіргі таңда ауданымызда 18 ауған соғысына қатысқан ардагер бар. Олар түрлі салада қызмет етіп келеді. Бір жолғы жәрдемақы

төленіп, қосымша емдеу-сауықтыру демалыс орындарына жіберіледі.

Аталған шараға аудан әкімдігі жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Дулат Байзақов, аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің басшысы Ерлан Райымқұлов, аудан әкімдігі тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы жоллаушылар келігі және автомобиль жолдары бөлімі басшысы Дәулет Құдайбергенов және бірқатар сала мамандары қатысты.

ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАРДЫҢ АНАСЫ ҰЛЫҚТАЛДЫ

Сызған ауыл округінің әкімшілік ғимаратында, Созақ аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі қызметкері Берік Шадманов пен жасақтау тобының басшысы, сержант Азамат Алтышовтың қатысуымен жиын өтті. Жиында жастарға Отан қорғау мен патриоттық рухты көтеру мақсатында әскери қызметтің негізі міндеттеріне тоқталып өтті.

Осы орайда патриоттық рух пен Отан алдындағы борышты өз отбасынан бастаған, бірнеше ұлын бір мезетте әскер қатарына жіберген, бүгінде Сызған ауылында тұратын көп балалы ана Жалмұрзаева Бақыткүлге Созақ аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлім басшысы Е.Манаповтың алғыс хаты мен “Отан қорғаушының анасы” деген арнайы төсбелгісін табыс етті.

–Қазіргі таңда екі ұлым қатарынан әскерге кетіп, Отан алдындағы борышын өтеуде. Тағы бір ұлым әскерге шақырылды. Мен үшін қуанышты жағдай екені рас. Әскер қатарында қызмет етуге еш қарсы емеспін. Ата-ана ретінде бұл, өскелең ұрпақ пен өмір сүріп отырған қоғам алдындағы азаматтық



парызымыз дер едім. Әр ата-ана Отан алдындағы борышты, алдымен өз отбасынан бастау керек, – дейді Бақыткүл ана өз сөзінде.

«Созақ үні»-ақпарат.

Қарақұрды жыр тербеген күн



Қарақұр ауылындағы мәдениет үйінде ауылдық кітапханасы мен мәдениет үйінің бірлесіп ұйымдастырған Созақ ауданының 95 жылдығына және ақын, жазушы Ескермес Жақсымбетұлының 75 жылдығына

орай “Жырымен елін тербеткен” атты әдеби сазды кеш өтті. Кештің мақсаты оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту пәнге деген қызығушылығын арттыру, танымдық ойлау, қабілеттерін арттыру бола-

тын. Кештің негізгі ұйымдастырушылары ауылдық кітапхана меңгерушісі Забира Мақұлбекова, мәдени ұйымдастырушы Салтанат Қалдәулетова, мәдениет үйінің директоры Талғат Жайылханның және әдебиет пәнінің ұстаздары Хилола, Майра, Жайымбаева Гүлмира апайлардың да ерен еңбектерін атап өту маңызды болмақ. Кеште оқушылар ақынның өмірі мен шығармашылығына қатысты көптеген жырлар оқып, өз кезегінде өздерінің ақынға арнаған өлеңдерін оқыды. Сонымен қатар, кешке ақынның туыстары, ұрпақтары, көзін көрген замандастары да қатысты.

Забира МАҚҰЛБЕКОВА, ауылдық кітапхана меңгерушісі.

Қазақта: «Сәуір болмай тәуір болмайды» деген сөз бар. Бірақ бұл жолғы жылымық жұртымызға бір-екі айға ерте келгенге ұқсайды. Олай дейтінім, апта басы Дүйсенбі, Ақпан айының 13 күні аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында жұртымызға жылымықтың жаршысындай болған жиын болып өтті. Нақтырақ айтсам, Түркістан облысының әкімі Сатыбалды Дархан Амангелдіұлымен бекітілген жұмысшы топ жоспарына сәйкес, Созақ ауданы кәсіпкерлерін және кәсіпкерлік бастамасы бар халықты қаржылай қолдау бағдарламаларына баулу және сүйемелдеу жұмыстарын жүргізу бойынша жиын еді бұл. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының ұлықтау рәсімінде: «Алдағы бес жылда ауылды дамыту жөніндегі бұйрыққа қол қойдым» деген мазмұндағы ізгі ниетінен



ХАЛЫҚТЫ ҚАРЖЫЛАЙ ҚОЛДАУ БАСТАЛДЫ

туған, өкімет іліп ап кеткен игі іс-шараға ауданымыздың ауыл-ауылдарынан жиылып келіп, 350 ге жуық адам қатысып отырды. Жиылғандардың арасында 12 ауыл, кент әкімдері, кәсіпкерлер, ниетті азаматтар, Созақ аудандық қоғамдық кеңесінің төрағасы мен мүшелері, Ардагерлер кеңесінің төрағасы мен ауыл ардагерлері, «Ел мүддесі» қоғамдық ұйымы мүшелері. Кәсіпкерлік палатасының Созақ аудандық филиалының директоры Анарбаев Арман, «Азаматтарға арналған үкімет» Созақ аудандық тіркеу және кадастр бөлімінің басшысы Асқарбеков Тимур Тастыбайұлы, Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы КММ Созақ аудандық бөлім басшысы Матенова Динара және БАҚ өкілдері болды.

Ал енді, Жұмысшы топтың құрамында: Түркістан облысының ауыл шаруашылығы басқармасының бас маманы Жақыпбаев Таңатар Нақыпбаевич, Түркістан облысының кәсіпкерлік және сауда басқармасы, электрондық коммерция және қызмет көрсету саласын дамыту бөлімінің басшысы Сыдықов Қанат Жамалбекұлы;

Сондай-ақ, қаржылай қолдау ұйымдары өкілдері: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Түркістан облыстық филиалы, Созақ аудандық бөлімше бастығы Әлішеров Самат Исабекович, «Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Түркістан облысы бойынша өңірлік филиалының директоры Қаңлыбаев Мұғазан Нұрмаханұлы, «Түркістан» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ-ның инвестициялық жобаларды жүзеге асыру департаментінің бас менеджері Еркеқұл Бақдаулет Молдабекұлы, «Ырыс» микроқаржы ұйымы ЖШС басқарма төрағасының орынбасары Нұрлыбаев Жандос Махсатович, Түркістан облысы Кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары Рысбеков Нұрбол Пернебайұлы, «Аграрлық несиелік корпорациясы» Түркістан облысы бойынша филиал менеджері Кулбаев Тимур Бекзатович, «Оңтүстік» аймақтық инвестициялық орталық» ЖШС Басқармасының несиелеу бөлімінің директоры Шалбаев Аманжол Рүстембекұлы болды.

Жиынды аудан әкімінің орынбасары Ақәділ Сатыбалды сөз сөйлеп ашып, қатысушыларға жұмысшы топтың мақсаты мен құрамын таныстырды. Әрі қарай жұмысшы топ өкілдеріне сөз беріп, сұрақ-жауап пен ұсыныс-пікірлерге кезекті соңына қалдыруды халықпен кеңесіп алды. Сонымен, алғашқы боп сөз алған «Ырыс» микро-қаржы ұйымы ЖШС басқарма төрағасының орынбасары Нұрлыбаев Жандос жиылған жұртшылыққа төмендегіше түсіндірме жасады:

«Бүгінгі жиынға жиылған жұртшылық! Жаңа аудан әкімінің орынбасары айтқандай, Түркістан облысының

әкімі Сатыбалды Дархан Амангелдіұлымен бекітілген жұмысшы топ жоспарына сәйкес, Созақ ауданы кәсіпкерлерін және кәсіпкерлік бастамасы бар халықты қаржылай қолдау бағдарламаларына баулу және сүйемелдеу жұмыстарын жүргізу бойынша жұмысшы топ сіздердің ауданға атбасын тіреп отырмыз. Өздеріңіз де білесіздер, Президенттің пәрменімен алдағы бес жылда ауылды дамыту мақсатында еліміздің барлық өңірлерінде кәсіпкерлік пен ауыл шаруашылығы бағытында жұмыс істеймін, бизнесімді бастаймын деген азаматтарға қаржылай қолдаудың түрлері қарастырылып жатыр. Солардың бірі 2,5 пайыздық несиелік беру. Бұған дейін бұл жоба Жамбыл облысының бір ауданында пилоттық түрде жүрген. Енді міне біздің облысымызға да 11 млрд теңгенің көлемінде қаржы қаралып, әр ауданда екі ауылға пилоттық жоба ендіріп отырмыз. Сіздердің аудандарыңыздан да Созақ және Құмкент

мүлік күйдірілген кірпіштен соғылған болса, онда мүліктің 70 % көлемінде несиелік береміз! Осы жоба бойынша өтініш өткіземін, қаржылай қолдаудан үлесімді аламын деген талапкер азаматтар болса, аудан әкімдігі кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы және Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы КММ Созақ аудандық бөлімдері құжаттарыңызды рәсімдеуге көмектеседі» деді. Осы ретте, жиынға қатысушы жұртшылық арасынан сұрақ беруге ниетті азаматтар шығып, жұмысшы топ өкілдеріне мына мазмұндағы сауалдарын жолдады:

«Сіздердің сөздеріңізге сенсек, бұл пилоттық жобаға біздің ауданымыздан тек Созақ пенен Құмкент ауылдарының азаматтары қатыса алады екен. Айтыңыздаршы, осы пилоттық жоба алдағы уақытта да басқа ауылдарда да жалғасын таба ма? Жалпы, басқалай қандай да бір қаржылай қолдау бола ма?»

Бұл сұраққа «Аграрлық несиелік корпорациясы» Түркістан облысы бой-

дай сұрақ бердім:

«Жоғарыда бұл пилоттық жоба Созақ ауданының екі ауылында ғана пилоттық жоба ретінде жүзеге асады деп қалдыңыздар. Менің білуімше, бұл пилоттық жоба бұған дейін Жамбыл облысының бір ауданында жүзеге асқан, оны әлгінде ғана өздеріңіз де айтып өттіңіздер. Сонда, бұл жоба біздің Түркістан облысының басқа да аудандарында пилоттық негізде жүргізілгелі отырма, әлде тек біздің ауданда ғана ма? Сосын, неге пилоттық жобаға нақ Созақ пен Құмкент ауылдары таңдалды. Бұл сіздердің таңдауларыңыз ба әлде біздің аудан әкімдігінің ұсынысы ма?»

Бұл сауалға Созақ ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Мейірманов Қайырбектің берген жа-

уабы мынау болды:

«Даке, сұрағыңыз орынды! Жалпы, бастапқыда біз бұл жобаға ауданымыздың 5 ауылын ұсынған болатынбыз. Облыстағылар бұл жобаның алғашқыда пилоттық жоба ретінде тек ауылда ғана жүретінін мәлімдеген соң, Шолақорған мен Созақ ауылын ұсындық. Сөйтсек, әлеуеті өзгелерден тәуіррек аудан орталықтары бұл пилоттық жобаға қатыса алмайды екен. Сонымен, бізге өндіріске жақын, дамушы екі ауыл беріңіздер деген соң. Ауыл және мал шаруашылығы жағдайын ескеріп, нақ осы Созақ пен Құмкент ауылдарын ұсындық. Бірақ бұл, өзге ауылдардың кәсіпкерлері мен шаруалары бұл жобадан несіптерін ала алмайды деген сөз емес. Жұмысшы топтың да айтқанындай егер пилоттық жоба өз жемісін беріп жатса, ауданымыздың өзге ауылдарының да азаматтары бұл жобаға қатыса алады». Сосын, пилоттық жоба енді басталып жатқандықтан әлі де көптеген өзгерістер енуі бек мүмкін. Мәселен, аталмыш екі ауылдың азаматтарының пилоттық жобаға қатысу деңгейі төмен болып жатса, бәлкім, өзге ауылдардың азаматтарын жобаға тарту ықтималын да жоққа шығармаймын. Сол себепті әрбіріңіз құжаттарыңызды реттеп, құлақтарыңыздың түрік жүруін қалар едім».

Мұнан әрі сөз алған «Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Түркістан облысы бойынша өңірлік филиалының директоры Қаңлыбаев Мұғазан Нұрмаханұлы да Даму қорының есебінен екінші деңгейлі банктер арқылы халықты қолдаудың түрлері барын сөз етті. Нақтырақ айтсам, бұған дейінгі қаржылық несиелердің пайызын 23% дан 15 % түсіргендерін, оның да 9 пайызын өкімет субсидиялап беретінін мәлімдеді. Ал, қалған 6 пайызын кәсіпкердің өзі төлейді екен.

Сонымен, 1,5 сағатқа созылған жиынның соңы жеке қабылдауға ұласып, ауыл-ауылдардан келген азаматтар жұмысшы топтың құрамында келген тиісті сала мамандарымен және қаржы ұйымдарының өкілдеріне өздерінің шаруаларын айтты. Сауалдарын беріп, жауаптарын алды, тіпті, бірқатар ұсыныс-пікірлерін де жеткізді. Ал енді, жұмысшы топтың келуіне орай орын алған жиынның ұйымдастырушысы аудан әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі жылжыған жұртқа бұл халықты қаржылай қолдау, сүйемелдеу бағытындағы соңғы жиын емес екенін айтып жатты. Алда әлі қайтарымсыз гранттар мен субсидиялар жөнінде де жиындар өткізетіндіктері мүмкін екенін және осындай қаржылай қолдаулар жөнінде әрбір ауылға жұмысшы топ шығарып, түсіндіру жұмыстары жоспарлы және жүйелі түрде жүретіндігін жеткізді.

Данияр БЕК.



ауылдары таңдап алынды. Бұл дегеніңіз, биылша бұл жобаға тек осы екі ауылдың кәсіпкерлері мен шаруалары ғана қатыса алады. Ал егер, пилоттық жоба өзін-өзі ақтап, жоспарланған жетістіктерге жететін болса, алдағы жылдары басқа ауылдардағы азаматтар да тиесілі қаржыдан өз үлестерін ала алады. Сондай-ақ, мұнан бөлек 21 мен 35 жас аралығындағы аудан жастарына 5 млн көлемінде 2,5 пайызбен қаржылай қолдау мақсатында несиелік қаржы беріледі. Тағы бір ескертетін жәйт, бұл екі жоба бойынша да көпшілік жылжымайтын мүлік қойылуы шарт және ол мүлікті де өтініш білдіруші арнайы мамандардың қызметіне жүгініп, өздері бағалатады. Сонан соң барып, біз сол шығарылған бағаның көлеміне және мүліктің жағдайына қарап, несиелік береміз. Егер, көпшілік қойылатын жылжымайтын мүлік саманнан соғылған болса, онда мүліктің 50% көлемінде қаржы береміз. Ал енді, жылжымайтын

ынша филиал менеджері Кулбаев Тимур Бекзатович былай деп жауап берді:

«Иә, бұл пилоттық жобаға жоғарыда айтылған екі ауылдың азаматтары ғана қатыса алады. Алайда, өкіметтің халықты қаржылай қолдауы мен сүйемелдеуі тек мұнымен бітпейді ғой. Бұдан бөлек, 21 мен 35 жас аралығындағы жастарға да өз бизнестерін жүргізу үшін мемлекеттен 2,5 пайызбен 5 млн теңге көлемінде қаржылай қолдау болады. Егер, жасым 35 тен асып кеткен десеніз, осы 21 мен 35 жас аралығындағы ұл-қыздарыңыз немесе немерелеріңіз болса, қатыса алады. Мұнан бөлек біздің корпорация арқылы 6 пайыздық мөлшермен несиелік алсаңыздар да болады!».

Жалпы, жылжыған жұртшылық тарапынан жұмысшы топқа мұнан да бөлек қойылған сауалдар көп болды. Солардан мен өзім жуырда ғана құрылған «Ел Мүддесі» қоғамдық ұйымының төрағасы ретінде мына-

Нұржамалдың өмір жолдарын көзбен сүзіп шығар болсаң көбіне халықпен, қоғаммен тығыз байланыста жүріп көп уақытын, жылдарын қоғамға арнаған жан екенін байқайсың. Ол қоғамдық жұмыстарының барлығы ақысыз, қоғамдық жұмыстар. Өз басым Нұржамалды осыдан біршама уақыт, яғни, 2008 жылдан бері танып, біліп келемін. Осы жылдар ішінде қоғамның жүгінен бір сәтте қалыс қалмай, заман ағымымен өмір көшінде қажымай, талмай келе жатыр. Расында өмірдің ащысы мен тұщысын қатар көрген әріптесіміздің әлі де қоғамға берер пайдасы мол. Қарпайым шопанның отбасында өмірге келген Нұржамал қатарластарының айтуынша мектепте де жақсы оқып, белсенді оқушылардың бірі болыпты. Қайсыбір жылы Жартытөбе ауылына іс сапармен барған кезімде Нұржамалдың әкесі Әбілжан қарияның шаңырағында болып, қариямен жақын танысқан



үшін әрбір іс сапар мереке десе де болады. Ойлы оқырманға Нұржамалды жақынырақ таныстыра түссем Нұржамал Әбілжанқызы 1973 жылы 16 ақпанда Жартытөбе ауылында дүниеге келген. Білімі жоғары. Қ.А.Яссауи атындағы халықаралық университеті. 1990-1995. Филолог, журналист, жан-жағы 4 баланың анасы. Созақ ауданы мәслихатының депутаты, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Созақ аудандық «Созақ үні» қоғамдық саяси газетінің аға тілшісі, «Аманат» партиясының белсенді мүшесі. ҚЖО Созақ аудандық бастауыш ұйымының жетекшісі, «Бақ-Нұры» іскер әйелдер қоғамдық бірлестігінің төрайымы, Қазақстан іскер әйелдер қауымдастығының белсенді мүшесі. Қазақстан әйелдері күштері Альянсының Түркістан облысы бойынша саясаткер әйелдер клубының жетекшісі. Жиырма жылдан астам саясат, әлеуметтік сала, өндірістің өрелі істері тақырыпта

Саммитінің делегаты, Халықаралық Астана экономикалық Еуразия форумына үш дүркін және Қазақстан Республикасы іскер әйелдер қауымдастығының үшінші, төртінші, бесінші съездеріне арнайы делегат болып барғанынан қалың оқырман хабардар шығар. Сонымен қатар, Дүниежүзілік атом ядросы қауымдастығының, яғни МАГАТЭ-нің 60 жылдығына орай атом өндіріс саласының журналисі ретінде қатысып, басқа да көптеген іс-шаралардың басы-қасында жүрген белсенді, іскер әйел, майталман маман. Ол кісінің елге көрсеткен қызметі әр кезеңдерде лайықты бағаланып, жыл сайын атқарушы, өкілетті орган талаптарынан марапатталып келеді. Атап өтер болсақ, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алғыс хаттарымен, Қазақстан Рес-

Қаламымен қоғам қозын қозғаған

Қаламы жүйрік қарындас

(Аудандық «Созақ үні» газетінің аға тілшісі, теріскейдің қарымды қаламгер қызы Нұржамал Майусоваға)

*Табиғат толасып бір бет істі шын.
Құлпырып арай таңы жетісті күн,
Отырса ой өрістеп, қиял самғап,
Қоғамның көре біліп жетістігін.*

*Ақпарат ағыны жол, салаң мықты.
Жасампаз даналықты далаң ұқты,
Туған жердің садырын дүбірлеткен,
Қаламға іліктірер жаңалықты.*

*Құйылып көкірекке жеткен серпін.
Арасын ажыратып ет пен тердің.
Шындықты айта алатын осы ағайын,
Доп басып кемшілігін кеткен жердің*

*Зерделеп әлем сырын ғасырыңның.
Алшысы молдау болсын асығыңның,
Жартысы жарқын істің бола білген,
Журналист көз, құлағы басылымның,*

*Ұстайды, қалам солай шыңдалады
Өрнектеп туған жерді, тың даланы.
Келбетін келістіріп толғанбасаң,
Жазира, құба жандар мұңданады.*

*Қызық-ау өткен күндер балаң шағы.
Оларды санасыз тарау жол аңсады,
Журналист бейбіт күннің жауынгері,
Қаруы қолындағы қаламсабы.*

*Қайыстай шұрайлы сөз өрілгенде.
Тіркесі әсем ойдың бөлінген бе.
Жазғаны жан дауысы болып шығар,
Шынардай шың басынан көрінгенде.*

*Әрбір іс, ел сенімі, саналатын.
Көңіл күй содан дәнмін оңалатын,
Мінберден елдің сөзін жеткізеді,
Арқалап дүйім жұрттың аманатын.*

*Таңғы әлем жылы шырай тосады күн
Тілші ол, маңайлатпас осал ұғым,
Үлгіреді бәріне тыным таппай,
Бабын тауып отбасы, қосағының,*

*Қоғамның аша білсең күрделі ісін
Қолыңа ілігеді жүлделі шың
Ақпарат айдынында жүзе білсең,
Көресің мәуелеген жыл жемісін*

*Жыр сүйер, сөйлеп кетсе халқың абыз,
Жарасып, жасыл жайлау, шалқыма күз,
Самғай бер, сайын дала төскейінде,
Еліктей елеңдеген қаршыға қыз.*

Тілеубек ЫБЫРАЙЫМОВ.



едім. Сонда байқағаным халқымызда: “көп жасағаннан сұрама, көпті көргеннен сұра” деген тәмсілдің өте орынды айтқанына көзім жетті. Сонау қуғын-сүргін жылдары Қытай асып, одан Орта Азияны шарлап Қырғызстан, Тәжікстан жерін көрген қарияның айтқан әңгімесі әлі күнге дейін есімде сақталып қалыпты. Мал шаруашылығына бар ғұмырын арнап шопандық таяғымен зейнетке шыққан орденді қария: - Қандай да бір жұмыс істесең соның биігі болады. Сол биікті бағындыру керек. Ол инженер ме, шопан ба бәрібір. Сол биікке шыға алсаң абырой да, асқақ бедел де өзі келеді дегені бар еді. Көп балалы отбасыда дүниеге келген Нұржамал бауырмал болып өскен. Екеуміз екі жылға жуық бір жұмыс бөлмесінде отырдық. Сол кезде бауырлары бірінен соң бірі хабарласып, бір-бір жұмыстарын Нұржамалға тапсырып жатады. Ол жұмыстары бірі поштада, бірі ауруханада, бірі салықта, бірі әкімдікте соның бәрінің оябын іздеп Нұржамал жүгіріп жүргені. Әрине, бүгінгі заманда туған бауыры үшін жүгіріп жүрген жандарды сирек көргендіктен бе Нұржамалдың бауырмашылдығына тәнті болдым. Нұржамалдың газет төңірегіндегі негізгі тақырыбы өндіріс саласы, білім саласы болатын. Бұл салалар Нұржамалдың оң жамбасына келетін сала десем артық емес шығар. Апталап өндіріс орындарын аралап кететін сәттері де мол. Әрине әйел баласы үшін түздің жұмысы қиын екені анық. Десе де өз мамандығын құлай ұнатқан жан

рында қалам тербеп жүрген танымал журналист. Көптеген республикалық, облыстық басылым беттерінде өткір мақалалары жарық көріп жүрген журналист Нұржамал Әбілжанқызы туралы жоғары айтқанымдай ол Жартытөбе ауылында елге еңбектері сіңген парасаты, шаруа отбасында дүниеге келген. Ата-ананың тағымды тәрбиесі, ұстаздардың берген терең білімінің арқасы болуы керек орта мектепті де, жоғары оқу орнын да жақсы тәмамдаған. Нұржамал Әбілжанқызы Созақ ауданында 2013 жылы іскер басшы, майталман мамандар, өз кәсібін дөңгелетіп отырған бизнес ханымдарының басын құрап, «Бақ-Нұры» іскер әйелдер қоғамдық бірлестігін құрды. Заңды тұлға ретінде тіркелген бұл ұйымның қоғамдағы рөлі ауданымыздан бөлек, облыс, республикаға белгілі. Ұйымның негізгі мақсаты-әйел аналардың қоғамдағы ролін арттыру. Мұқтаж жандарға көмек қолын созу тағы басқа да игілікті істері арқылы

публикасы Журналистер одағының, облыс, аудан әкімдерінің, мәслихат хатшыларының, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының, Іскер әйелдер ассоциациясының, саясаткер әйелдер клубының, «Қазатомөнеркәсіп» АҚ басшыларының Алғыс хаттарымен, Құрмет грамоталарымен марапатталған. «Жылдың үздік журналисті», «Қауырсынды қаламгер», «Көсбасшы әйел» номинацияларының иегері. «Еңбегі жанған арулар» төсбелгісінің иегері. «Қазақстан тәуелсіздігінің 30 жылдығы» мерейлі медальінің иегері. «Алтын қыран», «Халық Құрметі» медальінің иегері. «Домалақ ана» төсбелгісінің иегері. 2022 жылдың соңында Н.Майусова Қазақстан Республикасының жылдың үздік маманы, депутаты номинациясының жеңімпазы ретінде, арнайы дипломмен, медальмен Елордасы Астана қаласында марапатталды. Қоғамда көпке үлгілі, іскер әйел, қарымды журналист Нұржамал Әбілжанқызы-аяулы жар, екі ұл, екі қызды дүниеге әкеп, тәрбиелеп отырған асыл ана. Нұржамалдың әлі де шығар биігі алда деп білеміз. Біз «Созақ үні» газеті редакциясы ұжымы әріптесіміз, газетіміздің аға тілшісі Нұржамал Әбілжанқызын екі



елдің сеніміне ие болған, іскер маман, қайырымды жан Нұржамал Әбілжанқызы Созақ аудандық жетінші шақырылымында аудандық мәслихаттың депутаты болып сайланып, халық қалаулысы атанды. Нұржамал Майусова- 2021 жылы Туркия елінде Стамбул қаласында өткен түркітілдес елдер достығы

жиырма бес жасқа толған мерей тойымен шын жүректен ыстық ықыласпен құттықтаймыз! Шығармашылық табыс, отбасылық бақыт, аналық махаббат пен шынайы ізгіліктер тілейміз!

Мақсат ҚАРФАБАЙ,
«Созақ үні» газетінің жауапты хатшысы.

Биылғы жылы Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 34 жыл толып отыр. Ауған соғысының қанды қырғынынан аман-есен оралғанымен, жандары жаралы бір қанша ардагер ортамызда жүр. Осы оралғандардың бірі Бабаев Мұхамеджан Мамеджанұлы.

Бабаев Мұхамеджан Мамеджанұлы 1959 жылы 13 қаңтарда Созақ



етілген елді мекендердегі жай халықтың тұрмыс тіршілігі туралы жазуға келген болатын.

Ауған елді мекеніндегілермен кездесіп, қайтып келе жатқанда бірден жаудың тосқауылына тап болады. Жау тарапында осал емес. Олардынағыз таудың қиылыс жерінде тосқан. Олар бірнеше БМП де болған. Олардың бірнеше граната-

Ерлігі естен шықпауы тиіс

ауданы, Созақ ауылы, Көктебе елді мекенінде дүниеге келген. Бала-лық шағы осы елді мекенде өтеді.

1981 жылы 27 сәуірде Кеңес әскерінің қатарына шақырылып, Ауғанстанда әскери борышын өтеген.

Сұрапыл уақыттағы есінен кетпейтін бір оқиғасын әңгімелеп берген еді.

Паншер шатқалында болған оқиғасы екен. «Тимур және оның командасы» кітабының авторы Аркадий Гайдардың баласы, кезінде Ресейдей алып мемлекеттің белгілі саясаткері болған контрадмиралы Тимур Гайдармен болған оқиғасы екен. Тимур Гайдардың Кеңес Одағының «Известия» газетінің әскери тілшісі қызметін атқарып тұрған кезі. Сол кісіні алып жүру Бабаев Мұхамеджан Мамеджанұлының еншісіне тиеді. Мұхамеджан ол кезде взвод командирінің жәрдемшісі қызметін атқарған. Ауған жері белгілі, көп жері тау – тастар. Тау жері тар және жар-құз. Төменде өзен сәл қателік жіберсең жардан құлайсың. Осы тар жол аясында Тимур Гайдарды нағыз соғыс қызып тұрған Паншер шатқалында алып жүруге тура келеді. Тимур Гайдар Кеңес әскерінің жәрдемімен душмандардан азат

метпен атқан оқтары бірінші БМП –ге тиіп, оның тас –талқаны шығады. Мұхамеджан ағай Тимур Гайдармен екінші БМП-де келе жатқан болатын. Сол кезде Мұхамеджан ағаймыз БМП-нің төбесінде қалып қояды. Себебі ол кісі байланыста болған. «Құдайдың маған сыйлаған өмірі шығар, сол уақытта аман қаламын деп ойламадым» - дейді. Сөйтіп Тимур Гайдарды аман-есен Кеңес армиясы штабына тапсырады.

Сол кездегі еңбегі үшін «Қызыл жұлдыз» орденіне ұсынған, бірақ рота командирінің саяси жетекшісі ауыр жарақат алып, Одаққа кетуіне байланысты бұл мәселе ескерусіз қалған екен. Бұл марапатты алмадым деп өкінбейді, «Себебі, мен өзімнің әскери борышымды адал атқардым»-дейді.

Сұрапыл уақыттағы қайғылы шежіре жаңғырығы халықтың зердесінде бағасы артып, уақыт алға жылжыған сайын сіздердің жасаған ерліктеріңіздің шоқтығы биіктей бермек. Барша жастар Мұханның ерлік істері мен білім саласындағы атқарған еңбектерін әрқашан өздеріне үлгі тұтады. Өйткені олтәуелсіз еліміздің жастарына ерлігімен де, елдігімен де үлгі бола алатын алып тұлға.

Әке жолын құған ұл

Ауған соғысының ардагері Омарбекұлы Бегалы 1968 жылы 5 желтоқсанда Созақ ауданы, Созақ елді мекенінде туылған.

Әкесі Дүйсенбеков Омарбек Ұлы Отан соғысының ардагері, ал анасы Дүйсенбекова Әсемгүл көп балалы ана. Бегалы Созақ ауылында 1975-1985 жылдары Ленин атындағы орта мектебін бітіріп шықты.

1986-1987 жылдар аралығында Созақ ауылында СПТУ-22 жүргізуші курсы бітіріп 1987 жылдың мамыр айының 10-күні әскер қатарына шақырылады. Әскер қатарында 6-айлық дайындықта Өзбекстан Республикасының Термез қаласында болады.

6 айлық дайындықты бітірген соң қазан айының 1-і күні Ауғанстан республикасына әскери борыншын өтеуге жіберіледі. Ауған жеріндегі алғашқы әскери міндеттерін Кабул қаласынан бастайды. Кабул қаласында 10-күндей болып Содан кейін оларды Мазари-Шариф қаласында орналасқан 24765 әскери бөлімге барлаушылар орналасып тұратын жерге алып барып СВД –деп атайды. (Снайперский винтовка Дегтярова)

Снайпер қаруын қолыма берді. Мазари-Шариф қаласында тағы 25- күн дайындықтан өтіп, Пакистан Республикасының шекарасына 10-шақырым жетпей Хост деген жерге (операция) барлауға жібереді. Ол жерде 47-күн болып Пули-Хумри деген қалаға алып



келеді. Олар 1989-жылдың 15- ақпан айына дейін, Ауған жерінен шығып кеткенше тұрғылықты жері сол есте мәңгі кетпейтін Пули-Хумри қаласы болды. Ауған жерінде бірнеше төс белгілерімен (медаль) марапатталады. Атап айтқанда, «За боевые заслуги», «Жауынгерлік айыбы үшін», «Воину-Интернационалисту от благодарного Афганского народа», 70-лет Вооруженных сил СССР», «Боевых действиях Афганистане», «20» лет Вывода Советских войск из Д.Р.А., «15-лет Вывода Советских войск из Д.Р.А., «Ветеринару Войны Е. Афганистане», «Ішкі істер органында мінсіз қызметі үшін медалімен және тағы да басқа төс белгілерімен марапатталған.

Елге аман есен оралғаннан кейін 1990-жылы отбасын құрып жанұялы болады.

Қазіргі таңда жанұясында 4 қыз, 1 ұлы бар. Жұбайының аты-жөні Абілдаева Роза 1969 жылы сәуір айының 24-күні дүниеге келген. Қазіргі таңда Созақ ауданы Таукент елді-мекенінде тұрып жатыр. Әскерден келіп жанұялы болған соң Таукент кентінде өрт сөндіруші болып жұмыс атқарады. Сонан соң ішкі істер бөліміне жұмысқа кіріп Таукент елді мекенінде жол полиция инспекторы болып жұмыс атқарып 2012-жылдың 2-ші ақпанында зейнеткерлікке шыққан. Ауған соғысы ардагерлерінің төрағасы.

Ерлікте жоқ шекара

Тұла бойда тулап аққан қаныңда,
Қазақ деген гендік ұғым барында,
Соқпай өту мүмкін емес бауырым,
Ерлік деген ерге лайық ауылға.
Достық, ерлік алыс емес екі ара,
Қаратау мен Алатауда бек дара.
Басқаларын біле алмадым бауырым,
Ал ерлікте бола алмаған шекара.
Қайсақ, қыпшақ сенің түпкі ұлысың,
Тереңіне жібер тарих тынысын.
Тбилисиді селжүктерден қорғаған,
Артық бабаң қыннан алып қылышын.
Дерсің мұны тарихтағы аңыз ба,
Аңыз емес айналған іс нағызға.
Грузиндер қыпшақтарға құрметін,
Мейрам өткен әрбір жылы тамызда.
Ер Едіге қасқа тұлпар ерттөген,
Азат өткен қалаларды көптөген.
Қанша тарих ақтарсаңда парағын,
Едігені ешбір пенде сөкпеген.
Бауыржан мен Рақымжан тарланым,
Орыс жерін айғыздады қандарым.
Ерлікте жоқ ешқашанда шекара,
Жат жерінде қалды талай арманым.
Кешегі ауған өртке оранған шақтарда,
Шеңгел басып кеткен шақта бақтарда,
Сендерсіңдер қолға қару алып-ап,
Дұшпандармен жағаласқан шатқалда.
Одан бері тәжік -ауған майданы,
Бітімгерлік болды елдің байламы.
Ол жақта да қазағымның сарбазы,
Бес қаруын бейбіт күнге сайлады.
Украина. Чернобыльде кешегі,
Жергілікті халық соры бес елі.
Апат болды улы күші орасан,
Заһар күші көк пен жерді төседі.
Ол жаққа да аттанды сан сарбаздар,
Ерлік жолы шекарасыз деседі.
Енді бүгін ортамызда батырлар,
Ұран өткен ұлы рух ерлікті,
Отан деген Ұлы ұғым мәңгілік,
Елді қорғау ерлер үшін ерікті.
Мақсат ҚАРҒАБАЙ.



Ауған соғысы ардагерлерімен кездесті

Ауғанстаннан әскерлердің шығарылуының 34 жылдығына орай І.Кеңесбаев атындағы жалпы орта мектеп оқушылары Ауған соғысы ардагерлерімен кездесті. Ауғанстан аумағынан әскерлердің шығарылуы жыл сайын 15 ақпанда атап өтеледі. Өйткені дәл осы күні 1989 жылы Ауғанстандағы Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің соңғы бөлімшелері Ауғанстан Демократиялық Республикасының аумағынан шығарылды.

Таукент кенті әкімдігі мен І.Кеңесбаев атындағы жалпы орта мектебінің АЭТД пәнінің мұғалімі Нұрлыбеков Орынбек ағайымыздың ұйымдастыруымен «Ерлікке тағзым» атты ауған соғысына қатысушы жауынгер ағаларымыз-

бен кездесу болды. Оқушылармен кездесуге Созақ аудандық Ауған соғысы ардагер төрағасы Омарбеков Бегалы Омарбекұлы және ауған соғысының ардагерлері Керімбеков Серік Нұртайұлы, Шаймерденов Пәрнебек Дүкенбайұлы және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің ардагері Торланбай Онбаев та қатысты. Ел үшін жасаған ерен еңбектері, бүгінгі ұрпаққа өнеге болсын деп, мектеп оқушыларымен арнайы сұхбаттасып, өздерінің Ауған жерінде болған оқиғаларымен бөлісті. Кездесу барысында білім алушылар қызықтырған сұрақтарын қоюға мүмкіндік алды. Оқушылар патриоттық үлгідегі әндерін жолдады. Ардагерлер өз ойларымен бөлісіп

қана қоймай, қазіргі жастарға бейбіт өмірді сақтауға, түрлі арандатушылыққа бой алдырмауға, Отанды қорғауға дайын болуға шақырды. Оқушылардың бұл кездесуден алған әсері жалындаған көздерінен білініп тұрды.

Кент әкімі С.Маманов өзінің ізгі тілектерін жолдай отырып, Созақ аудандық ауған соғысы ардагерлер ұйымының төрағасы Омарбекұлы Бегалы және ауған соғысының ардагерлері Нұртайұлы Серік, Түкенбайұлы Пәрнебек ағаларымызды арнайы алғыс хаттармен марапаттады.

**М.ӘЛЖАНОВ,
І.Кеңесбаев атындағы жалпы орта мектебі.**

«Созақ үні» газеті редакциясы» ЖШС-нің №11 БҰЙРЫҒЫ

Шолаққорған ауылы 23 қаңтар 2023 жыл

2023 жылғы 19 наурызға Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі және Қазақстан Республикасы мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлауы шеңберіндегі сайлау-алды үгіт-насихатты жүргізуге арналған «Созақ үні» аудандық қоғамдық-саяси және ақпараттық газетінде баспа алаңын ұсыну шарттары мен тәртібі.

Қазақстан Республикасы Сайлау туралы Конституциялық Заңының талаптарын мүлтіксіз орындау мақсатында 2023 жылғы 19 наурызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі және Қазақстан Республикасы мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлауы шеңберіндегі сайлау-алды үгіт-насихатты жүргізу шеңберінде «Созақ үні» аудандық қоғамдық-саяси және ақпараттық газетіне баспа алаңын ұсынуды орындау үшін БҰЙЫРАМЫН:

1.2023 жылғы 19 наурызға тағайындалған ҚР Парламенті Мәжілісі және ҚР мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлауы шеңберіндегі сайлау алды үгіт – насихатты жүргізу үшін «Созақ үні» газетінде баспа алаңын ұсыну шарттары мен тәртібі туралы Ереже бекітілсін (Қосымша 1).

2.2023 жылғы 19 наурызға тағайындалған ҚР Парламенті Мәжілісі және ҚР мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлауы шеңберіндегі сайлау-алды үгіт-насихатты жүргізу үшін «Созақ үні» аудандық қоғамдық-саяси және ақпараттық газетінде баспа алаңын ұсынудың төлемақы мөлшері бекітілсін (Қосымша 2).

3.2023 жылғы 19 наурызға тағайындалған ҚР Парламенті Мәжілісі және ҚР мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлауы шеңберіндегі сайлау алды үгіт-насихатты жүргізу үшін «Созақ үні» аудандық қоғамдық-саяси және ақпараттық газетінде баспа алаңын ұсыну шарттары мен тәртібі туралы Ереже және осы бұйрықтың мазмұндамасы жариялансын.

Е.Абилпаттаев,
Директор

2023 жылғы 19 наурызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі және Қазақстан Республикасы мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлауы шеңберінде алдын-ала үгіт-насихат жүргізу үшін «Созақ үні» газетінен баспа алаңын ұсынудың шарттары мен тәртібі туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ереже
2003 жылғы 19 наурызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі және Қазақстан Республикасы мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлауы шеңберінде алдын-ала үгіт-насихат жүргізу үшін «Созақ үні» аудандық қоғамдық-саяси газетінен баспа алаңын ұсынудың шарттары мен тәртібі туралы осы Ереже Қазақстан Республикасы «Сайлау туралы» Конституциялық заңының талаптарын орындау мақсатында жасалды және аудандық «Созақ үні» қоғамдық-саяси және ақпараттық газетінде сайлауалды үгіт-насихат материалдарын жариялау тәртібін реттейді.

2.Осы Ережені қолдану мақсатында сайлауалды үгіт-насихат материалдары ретінде нұсқасы мен тақырыбына қарамай, сайлауға қатысушының (саяси партияның) қайсыбірін жақтап немесе қарсы дауыс беруіне ықпал ету мақсатындағы кез-келген материалдар танылады соның ішінде:

1)саяси партияны жақтап немесе қарсы дауыс беруге шақыру;

2)саяси партияға қатысты тікелей және жанама құрмет білдіру, ішінара сайлаушының (сайлаушылар тобының) қайсы саяси партияға немесе мәслихатқа дауыс беретінін көрсету;

3)сайлау қорытындыларының оң және/немесе кері әсер ету мүмкіндіктерін сипаттау;

4)сайлаушылардың саяси партия туралы оң немесе кері пікірін туғызатын саяси партияның іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) туралы (түсіндірме жасай немесе жасамай отырып) мәлімет беру;

5)сайлауға байланысты қоғамдық пікір сауалнама-сының қорытындылары;

3. «Созақ үні» аудандық қоғамдық-саяси газетінде сайлауалды үгіт-насихат материалдарын жариялау:
1)Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісімен Қазақстан Республикасы мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлауы бойынша 2023 жылғы 18 ақпанда басталып, 2023 жылы19наурызда (қоса алғанда аяқталады.

3)«Созақ үні» аудандық қоғамдық-саяси газеті редакциясы сайлауалды үгіт-насихат материалдарын конституциялық құрылымды күшпен өзгерту идеясы бар, республиканың тұтастығын бұзатын, мемлекеттік қауіпсіздігіне зиянкесік әкелетін, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік және рулық ірікті салатын, қаталдық пен үстемдік оятатын, сондай-ақ заңда көзделмеген әскери құрылым құру мазмұнында болса жариялаудан бас тартады.

4)«Созақ үні» аудандық қоғамдық-саяси газеті редакциясы сайлауалды үгіт-насихат материалдарының құрамында сайлауға қатысушы саяси партияның немесе сенім білдірген өкілінің ар-ұжданына, абыройына және іскерлік беделіне кір келтіретін мәліметтер (ақпараттар) болса, редакция ұсынылған құжаттарда мұны дәлелдейтін ақпараттар болмаған жағдайда жариялаудан бас тартады.

4.«Созақ үні» қоғамдық-саяси газеті редакциясы сайлауалды үгіт-насихат материалын жариялаудан бас тартады, егер онда:

1) жарияланымда қаржыландыру көзі туралы ақпараты болмаса, ол Қазақстан Республикасы «Сайлау туралы» Конституциялық заңымен тыйым салынған қаржыландыру көзіне сілтеме жасағанымен бірдей;

2)Сайлауалды үгіт-насихат материалын (материалдарын) орналастыру жөнінде өкілеттігін растайтын құжатпен рәсімделмеген тұлға ұсынған жағдайда;

3)Үміткерлердің тұлғасы, толық өкілетті немесе өкілетті өкілі (егер ұсынылған материал бір баспа беттен асатын болса) әр бетіне визалық қол қоймаған болса;

4)Сайлауалды үгіт-насихат материалында суреті бейнеленген жеке тұлғаның осы сайлауалды үгіт-насихат материалында бейнесін пайдалануға жазбаша рұқсаты болмаса, (ол өмірден өткен жағдайда – мұрагерлік құқығы алған мұрагердің жазбаша рұқсаты болмаса);

5)Сайлауалды үгіт-насихат материалын жариялау осы Ереже мен «Созақ үні» аудандық қоғамдық-саяси газетінде баспа алаңын ұсыну туралы келісімшартта белгіленген мерзімде төленбесе;

6)Сайлауалды үгіт-насихат материалын жариялаудан бас тарту Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген тәртіпте шағымдануға жатуы мүмкін;

7) Үміткерлердің сенімді өкілінің ар-ұжданына, абыройына және іскерлік беделіне кір келтіретін сайлауалды үгіт-насихат материалы «Созақ үні» газетінде жарияланғаны сот арқылы танылған болса, осы көрсетілген тұлғаға дәл осы бетке, сондай көлемде сондай әріп мөлшерімен, тегін түрде өзінің ар-ұжданын, абыройын және іскерлік беделін қорғап, ақталу, жариялау мүмкіндігі беріледі.

Ақталу туралы жарияланымға берілген өтінішке қоса жарияланған материалдың саяси партияның немесе сенім білдірген өкіліне ар-ұжданына, абыройына және іскерлік беделіне кір келтіреді деп танылған сот шешімінің көшірмесі ұсынылуы қажет.

5.Сайлауалды үгіт-насихат материалдарын ұсыну және жариялау тәртібі

Саяси партияның сайлауалды үгіт-насихат материалдарын «Созақ үні» газетінде жариялауға негіз болып табылатындар:

1) «Созақ үні» қоғамдық-саяси газеті бас редакторының атына жазылған өтініштің қатысты тұлғаға сәйкес келуі. Өтініш берген кезде саяси партияның өкілетті тұлғасы екендігін айқындайтын құжаттың түпнұсқасын ұсынған адам өтініш бергенде тұлға (бұдан әрі қарай – Тапсырыс беруші) ретінде танылады.

2) «Созақ үні» қоғамдық-саяси газеті мен Тапсырыс берушінің арасында жасасқан, сайлауалды үгіт-насихат материалын (материалдарын) жариялау үшін баспа алаңын ұсыну туралы келісімшарт;

3)Қазақстан Республикасы «Сайлау туралы» Конституциялық заң талаптарына жауап беретін сайлауалды үгіт-насихат материалдарының тиісті түрде

ұсынылуы;

4)сайлауалды үгіт-насихат материалын жариялау құнының 100 пайыз төленуі;

5) Үміткердің сайлауалды үгіт-насихат материалдарын жариялауға негіз ретінде аудандық аумақтық сайлау комиссиясының партиялық тізімді тіркегені туралы шешімінің куәландыруға жататын көшірмесі қоса берілуі тиіс;

6)«Созақ үні» қоғамдық-саяси газеті редакциясы «Тапсырыс берушінің» өкілеттігін анықтайтын құжатының көшірмесін жасап, оның өтініші мен жариялануға қабылданған материалмен бірге тігіп қоюға құқылы.

7)Сайлауалды үгіт-насихат материалын (материалдарын) жариялау туралы өтініште «Тапсырыс беруші» материалды жариялауды талап еткен күні (аудандық «Созақ үні» газетінің мерзімдік шығарылымында бекітілген күндерін есепке ала отырып) және материалдың баспа алаңы, «Созақ үні» газетінің жоғары, төменгі тұсына, бірінші, екінші және т.б. сайлау тақырыптық бөлімі бетіне) орналасатын орыны көрсетіледі.

Материалдың жариялау күні сайлауалды үгіт-насихат материалы қабылданған күннен бастап 5 (бес) күннен ерте болмауы тиіс.

Талап ететін алаңның, көлемі «Созақ үні» қоғамдық-саяси газеті бір шығарылымында бір стандартты газет бетінен аспауы тиіс.

8)Сайлауалды үгіт-насихат материалы бұқаралық ақпарат құралын есепке алу туралы куәлікте бекітілген тілде (қазақ және орыс тілінде) бір дана болып қабылданды.

Құрамында бейнесурет, салынған сурет және т.б. бір сайлауалды үгіт-насихат материалы тиісті нұсқада және («Созақ үні» қоғамдық-саяси газеті редакциясымен келісілген) жарияланған кезде қажетті сапаны қамтамасыз ететін тасымалдағышта ұсынылады.

9)« Созақ үні» қоғамдық-саяси газеті кезекті шығарылымына сайлауалды үгіт-насихат материалдарын жариялауға өтініш қабылдау газеттің сол шығарылымы баспаға тапсырылғанға дейін 5 (бес) жұмыс күні бұрын сағат 18.00-де аяқталады.

10) «Тапсырыс беруші» өз бастамасы бойынша материалды жариялау күні бекітілгенге дейінгі 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей сайлауалды үгіт-насихат материалын (материалдарын) жариялау туралы өз өтінішін алуға (жазбаша түрде) (толығымен немесе белгілі бір бөлігін) кері қайтарып алуға құқылы.

11)Материалды жариялау туралы өтініш қайтарып алынған жағдайда («Созақ үні» газеті мен «Тапсырыс берушінің» арасындағы сайлауалды үгіт-насихат материалы (материалдарды) жариялау үшін баспа алаңын ұсыну туралы келісімшарт (жарияланымның қайтып алынған бөлігі) «Тапсырыс берушінің» хабарламасы алған сәттен бастап тоқтатылады. Мұндай жағдайда сайлауалды үгіт-насихат материалы (материалдарды) жариялау үшін баспа алаңын ұсыну туралы келісімшарт бойынша төленген ақшадан тұрақсыздығы үшін есебі шегеріліп, жарияланым бағасының 50 (елу) пайызы көлемі «Тапсырыс берушіге» қайтарылады.

Қорытынды ережелер

Осы Ереже аудандық «Созақ үні» қоғамдық-саяси газетінде жарияланады және «Тапсырыс берушіге» сайлау алды үгіт-насихат материалдарын жариялау туралы өтініш қабылдау және сайлауалды үгіт-насихат материалын (материалдарын) жариялауға баспа алаңын ұсыну туралы келісім шарт жасасқан кезде міндетті түрде танысуға ұсынылады.

«Созақ үні» газеті редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі директорының 2023 жылғы 23 қаңтардағы №11 бұйрығына №2 қосымша

2023 жылғы 19 наурызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттары және ҚР мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлауы шеңберінде алдын-ала үгіт-насихат жүргізу үшін «Созақ үні» қоғамдық-саяси газетінен баспа алаңын ұсыну үшін төлем мөлшері

1.«Қазақстан Республикасы «Сайлау туралы» Конституциялық Заңының 28 бабы 3-тармағына сәйкес, мемлекеттен бөлінген қаржы есебінен төленетін сайлау алды материалдарының 1 ш. см. – 200 теңге.

2.Саяси партиялардың сайлаушылары қорының қаржысы есебінен жарияланатын сайлауалды материалдарының 1 ш. см. – 200 теңге.

Адамдар эхинококкозы – ауыр, созылмалы мүгедектікке дейін әкелетін, ал асқынған кезде өліммен аяқталатын құрт ауруы. Бұл ауру барлық елде кездеседі. Эхинококкоз кішкене дән көлемінен жас туылған баланың басы көлеміне дейін ұлғаятын сыйыққа толы дене.

Эхинококк иттің ішегінде өмір сүреді. Осы жануардың жұмыртқалары немесе оның мүшелері нәжіспен бөлініп, сол ауру жұқтырған ит жүнін, суды, топырақты, шөпті және жұғысқан бөлмені, ыдыстарды ластайды.

Оның жұмыртқалары қоршаған ортада өмір сүруге өте тезімді. Су мен және тамақпен оның жұмыртқалары ауыл шарушылығы жануарларының ішегіне түседі. Содан барып бауырға және өкпесіне енеді. Осында оның личинка-

Эхинококкоз (жылауық құрты)-дегеніміз не?

лары эхинококк сыйықтығына толы шар тәрізді денеге айналады.

Осы шар тәрізді дененің ішінде түссіз сыйықтық және ұсақ құм тәрізді эхинококкоз қоздырғыштары болады. Малдың ауру жұқтырған мүшесін итке жеуге берсе соңғы жеген жұқтырады. Адамдар оның жұмыртқаларын сумен, тамақпен кір қол арқылы жұқтырады. Егерде қойлар немесе сиырлар ауру итпен бірге жерде жатса, оның жұмыртқалары малдың жүніне түсуі мүмкін, одан барып мал қырку кезінде, малды куту, сиыр сауу және тағы басқа жағдайларда адамның қолына түседі. Эхинококкоз қоздырғыштары адам-

ның кез келген мүшесін зақымдауы мүмкін, әсіресе бауыр мен өкпе зардап шегеді, сөйтіп эхинококкоз ауруы пайда болады.

Эхинококкоз қоздырғышы барлық іш құрылысқа жайылып және одан әрі асқинуы мүмкін. Бұл асқину адамның өліміне әкеледі.

Эхинококкоз мәселесі, медициналық мекемесінің ғана емес, ветеринарлық мекемесіне де қатысты. Эхинококкоздың алдын алу бірінші кезекте қанға бас және иесіз иттермен күрес жүргізу және міндетті түрде жылына 2-3 ретиттерге дегельминтизация (құрттарға қарсы дәрілеу) жүргізу қажет.

Ал жеке бастың алдын алу шараларына келсек, итпен ойнатпау, өз ыдыстарынан тамақтандырмау және иттің оларды беті-қолдарын жалауын болдырмауын қадағалап отыру керек. Өйткені ит, мысық үй жағдайында таза ұсталынса да, олардың жүнінде құрттың жұмыртқалары жүреді. Тағамға жуылмаған көкөніс, жемістерді, жабайы өскен шөптер мен бүлдіргендерді қолданбау керек. Ашық су қоймаларынан қайнатылмаған суды ішпеу қажет. Осы ереже тәртіптерін үлкендердің өздері де орындау қажет.

А.УТЕПОВ,
Созақ аудандық СЗББ эпидемиологиялыққадағалау және бақылау бөлімінің бас маманы.

Бірлесіп күресейік

Адамзатқа ертеден таныс сыбайлас жемқорлық-заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат, пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Басқа дамушы елдер сияқты, біздің жас мемлекетімізді дежегі құрттай бұл кесел айналып өткен жоқ. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң қабылданғаннан бері он жылдың ішінде, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер дәйектілікпен жүзеге асырылуда. Осы бағыттағы шаралар мен көкейтесті мәселелерді шешуде заңдылықты жетілдіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Жалпы алғанда, қабылданған кешенді шаралар нәтижесінде сыбайлас жемқорлық көріністерінің азаюы байқалады. Сыбайлас жемқорлықтың жиі бой көрсететін, ең қауіпті түрі-парақорлық. Бірінші кезекте пара берудің себептерін, пара алудың жағдайларын түп-тамырын жою үшін қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Яғни пара беру де, пара алу да, пайдалы болмайтынды, үлкен қылмыс ретінде саналатындай жағдай, қоғамдық сана қалыптасуы қажет. Парақорлық мемлекеттік аппараттың қалыпты

қызмет етуіне бөгет болып, билік және басқару органдарының беделіне нұқсан келтіреді, заңдылық қағидаларын жоққа шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделеріне қысымшылық жасайды. Елімізде парақорлықтың алдын алу, жолын кесу жұмыстары жоспарлы түрде жүзеге асырылып келеді. Бүгінгі таңда әлеуметтік аурудың алдын алу және әшкерелеу үрдісі жылдан жылға өсе түсуде. Мемлекеттік органдардың, ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттілігін шегінде өздерінің кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті түрде көрсетілген.

«Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп қара қылды қақ жарып, турасын айтып, әділдікке жүгінген қаймана халықтың ұрпағы бүгінгідей өз алдына ел болып, еңсесі биік 50 мемлекеттің қатарына жетуді көздеп отырған шақта сол адами қалып-парасат билігінен көрінуге тиіспіз.

Ғ.МҰСАБЕКОВ,
Созақ ауданының статистика басқармасының бас маманы.

Жемқорлықпен күрес әрбір азаматтың міндеті

Коррупция термині латын тілінің «corrumpere» деген сөзінен шығып, мағынасы жағынан «мемлекет органдарының, қоғамдық қарым-қатынастарды бұзу» дегенді білдіреді, «параға сатып алу» терминімен сәйкес, яғни, лауазымды тұлғаның өз билігі өкілеттілігі мен сеніп тапсырылған құқығын заңға және моральдық нормаларға қайшы келетін өтірік айту, бопсалаушылық, сөзбұйда жасау жолдарымен жеке бас пайдасы үшін пайдалануы. Көбіне бұл термин бюрократиялық аппаратқа және саяси элитаға қатысты жиі қолданылады. Осыған сай, термин әдетте бастапқы латын сөзінің бірінші мағынасынан шығатын кең мағынаға ие, әдепсіздікті білдіреді. Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті сұрақтардың бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да, Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі бағыттарының бірі осы азаматтықпен күресу болып табылады.

Халықаралық қоғамдастық және көптеген мемлекеттердің үкіметтері жемқорлық процесстері қоғамда ауқымды материалдық, саяси және моральдық негативті факторлар туғызатынын ертеден анықтаған. Сондықтан, жемқорлық процесстерін жеңуге тек тас түйін саяси механизмдер мен ауқымды жүйелі іс-шаралар нәтижесінде ғана жетуге болатынын ескере отырып, жемқорлықпен күресуге жоғары деңгейде көңіл бөледі.

Жемқорлықпен күрес әрбір азаматтың міндеті, өскелең ұрпақ пен мемлекетіміздің даму жолында жемқорлықпен күресудің орны ерекше болып табылады.

Ерлан МАНАПОВ,
Созақ аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы, подполковник.

Сыбайластыққа жол жоқ!

Жемқорлықпен күресу-Қазақстан Республикасы мемлекеттік саясатының маңызды стратегиялық бағыттарының бірі болып табылады.

Жемқорлықпен күрес қылмыспен күресудегідей барлық талаптарға сай келуі тиіс, сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық бойынша қылмыс жасаған адамдарды жазалау мен шектелмеуі тиіс.

Парақорлықпен елімізде көбіне-көп қолында билігі бар, шешім шығаруға, бөліп бергізуге өкілеті жететін қызметкерлерінің айналысып отырғанын көресетіп берді. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлықпен күресті бар-

лық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс.

Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын сақтау мәселелері талқыланды «сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы, сыбайлас жемқорлықты түсіндіруге жол бермейді», әкімшілік іс жүргізу кодексінің талаптары, экстремизм мен діни терроризмнің алдын алу. Тек бірлескен күш-жігер арқылы нәтижеге қол жеткізуге болады.

Әлібек БАҚЫТБЕКҰЛЫ,
Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің бастығының м.у.а, азаматтық қорғау капитаны.

Су тасқыны - бұл қардың еруі, жауын-шашын, суды желмен айдаған және кептелу кезінде өзендердегі, көлдер мен теңіздердегі су деңгейінің көтерілуі нәтижесінде жерді айтарлықтай су басу. Өзендер арнасына суды желмен айдау арқылы болған су тасқыны ерекше түрге жатады. Су тасқыны көпірлер, жолдар, ғимараттар, құрылымдардың қирауына, елеулі материалдық

Отбасы мүшелерін ұйымдасқан және жеке кешіру кезінде әрекет ету, сонымен қатар кенеттен және бұырқанып келе жатқан су тасқыны кезіндегі ережелерімен таныстырыңыз. Қайықтар, салдарды және оларды жасау үшін құрылыс материалдарын сақтау орындарын еске сақтаңыз. Көшіру кезінде алып шығатын құжаттар, мүлік және дәрі-дәрмектердің тізімін ал-

өзінің іс-әрекеттерін бақылауға, оның артынан жүзіп барып, шашынан ұстап алып, жағалауға сүйреңіз.

Су тасқынынан кейін қалай әрекет ету керек: Ғимаратқа кіре алдында қандайда болмаса бір заттың құлау немесе қопарылу қаупі бар ма жоқ па тексеріңіз. Жайды желдетіңіз (жиналып қалған газдан тазарту үшін). Жайларды толық желдетпейінше және газбен қамту

Су тасқынының алдын алу

шығынға, ал судың көп жиналуы (4 м/с астам) және су үлкен биіктікке көтерілсе (2 м көп) адамдар мен жануарлардың опат болуына әкеліп соқтырады. Қираудың негізгі себептері ғимараттар мен құрылымдарға су массасының, жоғары жылдамдыққа жүзіп жүрген мұздардың, әртүрлі сынықтар мен жүзіп жүрген заттардың, т.б гидравликалық соққысы болуы мүмкін. Су тасқыны кенеттен пайда болып және бірнеше сағаттан 2-3 аптаға дейін созылуы мүмкін.

Су тасқынына қалай дайындалу керек: Егер де Сіздің аумағыңыз су тасқынынан жиі зардап шексе, су басу мүмкін жерлердің шекарасын, сондай-ақ тұрғылықты жеріңізге жақын тұрған дөңестеу сирек су басатын жерлерді, оған баратын ең қысқа жолды зерделеп, еске сақтаңыз.

дын-ала жасап қойыңыз. Арнайы чехол немесе рюкзакқа құндылықтарды, қажетті жылы заттарды, азық-түлік қорын, су және дәрі-дәрмекті салыңыз.

Су тасқыны кезінде қалай әрекет ету керек: Су тасқыны қаупі және көшіру туралы дабылды алғаннан кейін күттірместен, белгіленген тәртіп бойынша өзімен бірге қажетті заттар мен бұзылмайтын азық-түліктің екі күндік қорын алып апаттық су басуы ықтимал қауіпті аумақтан белгіленген қауіпсіз аумаққа немесе дөңестеу жерлерге барыңыз (шығыңыз). Көшіру пунктіне жеткеннен кейін тіркеліңіз.

Егер адам батса: Батып жатқан адамға жүзетін зат лақтырып, оны сергітіңіз, көмек шақырыңыз. Зардап шегушіге бару кезінде өзен ағысын ескеріңіз. Егер батушы адам

жүйесінің жарамдылығын тексермейінше электрді қоспаңыз, ашық отты пайдаланбаңыз және сіріңкені жақпаңыз. Электр өткізгіштердің, газбен қамту, су және канализация құбырларының жұмысқа жарамдылығын тексеріңіз. Олардың мамандардың көмегімен тексеріп жарамдылығына көз жеткізгенбейінше қолданбаңыз. Жайларды кептіру үшін өсіктер мен терезелерді ашыңыз, едендегі және қабырғалардағы кірді жуып, подвалдардағы суды шығарыңыз. Сумен тікелей жанасқан тамақ өнімдерін пайдаланбаңыз. Құдықтарды тазартуды ұйымдастырып ондағы лас суды шығарыңыз.

М.ӨСКЕН,
Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау лейтенанты.

Орман өртіне абай болайық

Барша адамзат баласы өзіміз өмір сүріп отырған қоршаған ортаға өле-өлгенше қарыздармыз. Айналамыздағы орман тоғай, аң-құс қашанда жер ананың сәнін беріп тұрады. Табиғаттың басты байлығы өсімдіктер, әсіресе қоршаған қалың орманды алқапты жоғалып, жойылып кетуден қорғап, жанашырлықпен қарап көзіміздің ағы мен қарасындай сақтауымыз керек. Десекте, адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөздене жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты атып құрту, өрт тудыру сынды табиғат байлықтарының өртке орануы адам қолынан жасалып отырған қылмыс демесе лажымыз жоқ. Кенеттен болған өрт аң-құсты қыру, сексеуіл қарабарқын сынды табиғат байлықтары болашағымызға жасалған қиянатымыз. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны

барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі –таза ауа екені баршамызға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп-өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өнуіне қарсы қауіпсіздік шараларын сақтасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, ағаш шыбықтарын отырғызсақ, өзіміздің Жер-Анамыздың алдындағы үлкен парыздың орындалғаны болар еді.

Жандос КЕМБИЛОВ,
Созақ орман шаруашылығының орманшысы.

Табиғатты қадірлей білейік

Біз қай кезде де өзіміз өмір сүріп отырған қоршаған ортаға қарыздармыз. Өйткені таза ауа, мөлдір су, жасыл әлем баршасы адамзат баласына күш-қуат, салауатты денсаулық береді. Айналамыздағы орман тоғай, аң-құс қашанда жер ананың сәнін беріп тұрады. Десекте, адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөздене жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-

құсты атып құрту, өрт тудыру сынды табиғат байлықтарының өртке орануы адам қолынан жасалып отырған қылмыс демесе лажымыз жоқ. Кенеттен болған өрт аң-құсты қыру, сексеуіл қарабарқын сынды табиғат байлықтары болашағымызға жасалған қиянатымыз. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі–таза ауа екені баршамызға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі

екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп-өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өнуіне қарсы қауіпсіздік шараларын сақтасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, өзіміздің Жер-Анамыздың алдындағы үлкен парыздың орындалғаны болар еді.

Жұбаныш ӘЛЖАНОВ,
Созақ орман шаруашылығы мекемесінің қорықшы-күзетшісі.

Сексеуіл елдің байлығы

Сексеуіл құмды шөлдің қорғаны болып табылады. Олай дейтініміз құмды бекітіп ұстап тұрады. Сексеуілдің жас өскіндері түйеге, қойға жақсы азық. Оның себебі жас бұтақ жапырақтың қызметін атқаратын болғандықтан құрамында малға қажетті барлық органикалық заттар болады және көп суы бар. Бұл малға бір жағынан азық болса, екіншіден сусын. Сексеуіл шөлдің тірі қазба байлығы болып табылады. Оның себебі отқа жаққандағы қызуы жағынан нағыз қазба байлық тас көмірден кем түспейді. Сексеуіл күлінен сақар (тыңайтқыш) өндіріледі. Сексеуілдер қоршаған ортаның тепе-теңдігін сақтап тұруда ерекше орны бар. Дүлей соққан желден құм көштерін тоқтатады.

Сексеуілдерді қорғаныш ететін жан-жануарлар мен жәндіктер қаншама. Әсіресе түз тағылары киіктерге сексеуілдер арасы өсіп өнулеріне өте қолайлы. Қазақстанда қолданылуы мен жойылуы. Қазірге дейін жұрт сексеуілдерді отқа тамызық ретінде пайдаланатын. Нарықтық қатынастың алғашқы жылдары бұл жағдай күрт өзгерді. Көмірдің жетіспеушілігі мен қымбаттаушылығы елді мекендерде тұратындарға ауыр тиіп, сексеуілді таза отын ретінде қолдана бастады. Бұрын ауыл іргесінде өсетін сексеуілдерді қазір елу, алпыс шақырым қашықтықтардан ғана көре аламыз. Сондықтан да табиғат ананың сыйын қадірлей білейік.

Ә.ДАУЫЛБАЕВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман күзетшісі.

Дін-дiңгек

Адамдық келбетiңдi
көрiктi етер көркем мiнез

Көркем мiнез адам бойындағы туа бiте қалыптасатын ұлы қасиет. Әрбiр адамның мiнез-құлқын көркем етуi отбасы, өскен ортасындағы тәлiм-тәрбиесiмен бiрге өзiнiң де ақыл-парасат, ынталы, ықыласты болуыменен жаратылысына байланысты.

Мiнездiң көркем болып қалыптасуына әсер ететiн тәрбие. Тәрбие адам тағдырын шешетiн ұлы iс. Ұлы iстiң бастау бұлағы, қайнар көзi – отбасы. Мiнез қалыптасуы тал бесiктен бастау алатын, әке мейiрiмiнен құрышын қандырып, ана сүтiнен нәр алып, тәрбие көрiп өскен ұрпақ елiн, жерiн, халқын сүйетiн, елiнiң болашағын, халқының қамын ойлайтын, жоғын жоқтайтын, парасатты, ой-өрiсi кең, дүниетанымы жоғары, жан-жақты, бiлiмдi де бiлiктi, ұлтжанды тұлға болып қалыптасары анық. Мiнез – адам баласының iшкi жан дүниесiнiң сыртқы көрiнiсi деуге болады. Сол себептi де «Мiнез-құлқылқ – әркiм өзiнiң көйпiн көрсететiн айна» десе керек. Әдетте, бiз адамдарға қарап «мiнезi жақсы екен» деп мақтап немесе «мiнезi жаман екен» деп сынға алып жатамыз. Қарапайымдылық, адамгершiлiк, адалдық, өзгелерге жақсылық жасау, қиындыққа сабырлық таныту сияқты жақсы қасиеттердiң бәрiн көркем мiнезге сыйдырамыз. Ал кiсiнi менсiнбеу, сабырсыз болу – бұл адамзат баласына тән қылықтар емес. Мiнезi көркем жандарды кейде жүздерiнен-ақ аңғаруға болады. Жан-жағына әрдайым нұрын шашып, бәрiмен тез тiл табысып, тек ақ ниет пейiлмен жүретiн жандарды әрине тез аңғарасың. Ал қай кезде болмасын қабағы қатулы, өз ортасында менмендiкке салынатын жандар да жоқ емес, бар. Олардың көпшiлiкпен тiл табыспай, ұнамсыз кейiпте болатыны мәлiм. Бiрақ мiнезi ұнамады деп, көкiрегiнен керi итеруге де болмайды. Өзiң қанша жақсы болсаң да мiнезi жаманды ұнатпау – жақсы қасиет емес.

Көркем мiнез – Алланың берген үлкен сыйы. Ерекше мейiрiмдi Жаратушы ие өзiнiң соңғы елшiсi Пайғамбар Мұхаммед (с.а.с.) мiнезiн көркемдiкпен көмкерген. Әнас ибн Мәлик (р.а.) Пайғамбар (с.а.с.) мынандай сөзiн жеткiзедi: «Мен көркем мiнездердi толықтыру үшін жiберiлдiм». Нағыз мiнез жұмсақтығы Пайғамбар (с.а.с.) бойында жинақталған. Оның өнегелi ғұмырын оқи отырып, өзiмiз үшiн тәлiм-тәрбие есiгiн ашамыз, нәтижесiнде, Алла сүйiп қарайтын мүмiндердiң қатарына қосылуымызға үлкен мүмкiндiктерге қол жеткiзерiмiз хақ. Иман – көркем мiнездiлiкпен өлшенедi. Көркем мiнез – махаббат, бiлiм, сабырлық сияқты адами қасиеттердiң өзара ұштасуынан пайда болады. Адам баласын өзi секiлдi қос аяқты, жұмыр басты өзге пәнделерден

ерекшелеп тұратын бiр қасиет – оның мiнезi. Мiнез – адам бойындағы алтын мен жауһардан да артық жылтырап, көзге ұрып тұратын әшекей. «Тегiнде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, мiнез, ар деген нәрселермен озады. Бұдан өзге нәрсеменен оздым ғой демектiң бәрi де – ақымақшылық» деген Абай атамyz он сегiзiншi қара сөзiнде. Жақсы мiнез – жан көркi. Адамды көң пейiл, көпшiл ететiн де, я болмаса қытымыр, кекшiл ететiн де – бойға бiткен мiнез.

Ғұлама Мәшһүр Жүсiп Көпейұлы да мiнез жайлы баяндай келе: «Аспанда ұшып жүрген құс пен даланың тарпаң жылқысын қолға үйрету арқылы адамзат баласы қанша табысқа жеттi. Осындай дала тағылары тәрбиеге көнгенде, адамның мiнезi неге өзгермейдi?» деп түйiндейдi. Демек, адамның мiнезiн өзгертуге немесе жақсы дағдыларға бейiмдеуге болады. Ғылымның әуелгi мақсаты – Алланы тану. Одан кейiн – пайдалы бiлiм алу. Егер оқыған бiлiмiңiз мiнезiңiздi түзетпесе, онда ол пайдасыз бiлiм болғаны. Алла тағала Құранда «Сен ең биiк көркем мiнез иесiсiң» деп пайғамбарға соншалықты жоғары баға берген.

Адамның қадiр-қасиетi мiнез-құлқына қарай бағаланатыны әуелден белгiлi. Ол адам өмiрiне толық әсер етедi. Келiстi көркем мiнез өмiр кеңiстiгiнiң төрiне шығарса, жағымсыз мiнез биiкке шыңдарға жетелемейдi. Сондықтан көркем мiнездi адам болу үшін адамның адамгершiлiк қасиеттердi бойына жақын ұстауы қажет. Ал көркем мiнезге ұмтылу, көркем мiнездiлердi жақсы көру, сыйлау, оларға ұқсап бағуға тырысу – ол жақсы адамдар қатарынан. «Адамның жетi жетекшiсi бар: басшысы – ақыл, жетекшiсi – талап, қорғаны – сабыр, қорғаушысы – мiнез, сынаушы – халық» деген екен. Сол себептi әрдайым қорғаушымыз бола бiлген жақсы мiнезiмiзбен ғана айналамызға шуақ шашайық. Алла елшiсi бүкiл саналы ғұмырын көркем мiнездi дәрiптеуге арнады. Құранда «Расында, Аллаға және ақырет күнiне иман келтiрiп, Алланы көп еске алатындар үшiн Алла елшiсiнде керемет үлгi-өнеге бар» (Ахзаб сүресi, 21-аят) – делiнген.

Қорыта айтқанда, көркем мiнез бар жерде имандылық бар. Мұсылман кiсi өзiне қалаған нәрсенi өзгеге қалайтын, әрi қолымен де, тiлiмен де өзгеге зиян жеткiзбейтiн және ашудың үстiнде болып қалса да өзiн ұстай бiлетiн адам. Сол себептi мұсылмандық қаруым сабыр деп, көркем мiнез иесi болуға барынша тырысайық.

Е.ЕШТАЙ,
Теолог маман.



Біз батыр ұрпағымыз

Халқымыздың тарихында ел басына не келiп не кетпедi. Тәуелсiз елдiң ұрпақтарына өткенiмiздi айтамыз. Халқымыздың басынан өткен нәубеттi жылдарды есiне саламыз. Сол халық үшiн қаны мен терiн төккен ерен тұлғаларды дәрiптеу бiздiң мiндетiмiз. Абай ауылындағы шағын жинақты орта мектеп осындай тұлғалардың бiрiнiң атымен аталады. Ол Амангелдi Үдербайұлы Иманов. Халық батыры, 1916 жылғы қазақ халқының ұлт-азаттық көтерiлiсiн ұйымдастырушылардың бiрi. Ол Кенесары Қасымовтың жақын серiктесi Иман Дулатұлының немересi.

Амангелдi ұйымдастырушылық және қолбасшылық дарынымен 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерiлiсте танылды. Бұқара халықтың бұл көтерiлiсi 19-43 жас аралығындағы қазақ жiгiттерiн майдандағы қара жұмысқа алу туралы Николай II 1916 жылғы 25 маусымдағы жарлығынан кейiн өрiстей түстi. Көтерiлiстiң саяси маңызы болды, патша өкiметiнiң отаршылық саясатына қарсы бағытталаып, халықтың бостандығын көздеде және Ресейдегi Ақпан революциясына дейiн жалғасты. Оған қатысқан сарбаздардың (жауынгерлердiң) саны 50 мың адамды құрады.

Биыл Амангелдi Имановтың туғанына 150 жыл толған мерейлi жыл. Осы айтулы мерекенi атап өту, әрi батыр аталары арқылы оқушылар арасында адалдықты, батырлықты насихаттау, үлгi ету мақсатында Иманов атындағы шағын жинақты жалпы орта мектебiнде 30 қаңтар – 10 ақпан аралығында онкүндiк аталып өттi. Онкүндiктiң iс-шара жоспары алдын ала бекiтiлiп, 30 қаңтар күнi ашылу салтанаты өтiп, оқушылар мен ұстаздарға алдағы өтетiн бағдарламалар таныстырылды. 31 қаңтар күнi тарих пәнiнiң мұғалiмi Тоқбаев Берiктiң басшылығымен патриотизмдi, ерлiктi, ұлттық құндылықты насихаттайтын бейнероликтер көрсетiлiмi және Амангелдi фильмінің көрсетiлiмi болып өттi. Оқушылар жылы лебiзбен қабылдап, өздерiнiң жақсы пiкiрлерiн айтты. 1 ақпан күнi тарих пәнiнiң мұғалiмi Бөрiбаева Нұрсұлудың

ұйымдастыруымен Амангелдi Имановтың туған жылына, туған жерiне, өмiр жолына, жасаған ерлiктерiне байланысты сұрақтарды қамтитын iс-шара жасалды. Көптеген сұрақтардың жауабын беру арқылы оқушылардың батыр жөнiнде бiлiмiн тереңдету жұмыстары жүргiзiлдi. Дұрыс жауап берген оқушыларға сыйлықтар үлестiрiлдi. Мектеп кiтапханашысы Исатай Әдемi 2 ақпан күнi Амангелдi Иманов атындағы мұражайға онлайн саяхат, батырдың өмiржолы жазылған кiтаптар, жазылымдар жинағынан көрме ұйымдастырды. 3 ақпан күнi 3-10 сыныптардың жетекшiлерiнiң ұйымдастыруымен ерлiктi дәрiптiетiн, Амангелдi Имановтың өмiрiнен, күрес жолынан сахналық қойылымдар қойылып, оқушылар жақсы әсер алды. 6-9 ақпан аралығында қазақ тiлi пәнiнiң мұғалiмдерi Бостанова Кәмшат және Оспан Әсияның басшылығымен оқушылар «Халық еркiндiгiнiң қорғаушысы» – А.Иманов тақырыбында эссе жазса, 8-11 сынып оқушылары Бақтиярқызы Қарашаштың ұйымдастыруымен флешмоб биледi. Бiлiм мен өнердi қатар алып жүрген оқушылар спорттан да кенже қалған жоқ. Мектеп тәлiмгерi Әлiпбай Нұрдаулеттiң ұйымдастыруымен ата-аналар мен оқушыларды қатыстыра отырып бастауыш сыныптардың арасында «Толағай» спорттық сайысы өткiзiлiп, жеңiмпаздар марапатталды. Ал мектеп психологы Есмахатова Әйгерiм оқушылар мен ұстаздар арасындағы қарым-қатынаста өзара түсiнiстiктi қалыптастыру мақсатында тренинг өткiздi. Онкүндiктiң iс-шара соңғы күнi «Бiз батыр ұрпағымыз» атты ашық тәрбие сағатымен жалғасып, белсендi оқушылар марапатталып, қорытынды жасалды. Онкүндiк аясында осындай iс-шаралар атқарылып, әр оқушы Амангелдi Имановтың ерлiктерiн айтып жүретiндей, өзiнен кейiнгiге үлгi ететiндей насихат жасалды.

Қайрат ҚАЛИЕВ,
Иманов атындағы шағын жинақты жалпы орта мектеп директорының тәрбие iсi жөнiндегi орынбасары.

«Шолаққорған-Су» МКК-ны «Созақ ауданы әкiмдiгiнiң тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлiгi және автомобиль жолдары бөлiмiнiң «Шолаққорған-Су» мемлекеттiк коммуналдық кәсiпорнының суды таратушы желiлер арқылы беру қызметiне оңайтылған тариф бағасын жариялайды

01 наурыз 2023 жылдан бастап

Негiздеме: ҚР Ұлттық экономика Министрлiгi табиғи монополияларды реттеу комитетiнiң Түркiстан облысы бойынша департаментiнiң «Созақ ауданы әкiмдiгiнiң тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлiгi және автомобиль жолдары бөлiмiнiң «Шолаққорған-Су» мемлекеттiк коммуналдық кәсiпорнының Таукент, Қыземшек кенттерi бойынша суды таратушы желiлер арқылы беру қызметiне оңайтылған тәрiппен тариф және тарифтiк сметасын бекiту туралы 08.02.2023 жылғы №18-НҚ санды бұйрығы.

№	Қызмет түрi	Өлшем бiрлiгi	Тарифi, теңге ҚҚС-сыз	Ақы мөлшерi, теңге ҚҚС-мен
1	Заңды тұлғалар	теңге/м3	626,27	701,42
2	Жеке тұлғалар	теңге/м3	52,96	59,31
3	Басқалар	теңге/м3	608,41	681,41

Сенiмгерлiк басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншiк иесi-

"Созақ үнi" газетi редакциясы"
жауапкершiлiгi шектеулi серiктестiгi

Директор:
Абилпаттаев Ержан Бақытжанович

Бас редактор:
Теңiзбаев Сәрсенбек Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы:

Аға тiлшi-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тiлшiлер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Бiржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Тәрiмшi-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар еңделедi, қайтарылмайды және оларға пiкiр жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздерi әкелген суреттiң сапасына жауап бермейдi. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлiк бетпен екi жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлiгi Ақпарат комитетiнде 2018 жылдың 6 қаңтар күнi Астана қаласында тiркелiп, мерзiмдi баспасөз басшылығымен, ақпарат агенттiгiн және желiлiк басшылығымен есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлiгi берiлген.

Газет редакцияның компьютер орталығында тәрiлiп, беттелдi. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесi, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесi, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3800 дана

Кезекшi редактор:

М.Қарғабай.